



«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры Е.Т.Сейлханов

«31» 10 8 2018 ж.

ЗЕРТТЕУШІ ОҚЫТУШЫ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы Ережелер

Оқытушылардың экспериментальды және ғылыми-зерттеушілік жұмысын құруға ынталандыру үшін ҚМК әдістемелік кабинеті базасында зерттеуші оқытушы мектебі құрылды. Колледж жұмысын басқарумен әдістемелік кабинет айналысады. Оның құрамына әкімшілік мүшелері, ЦӘК төрағалары, колледж оқытушылары, біліктілік санатын растау мен алуға үміткерлер кіреді.

Ғылыми зерттеушілік жұмысының негізгі бағыттары:

- 1) ҚМК стратегиялық қажетті және негіз қалаушы құжаттарды әзірлеу.
- 2) Ғылыми-зерттеушілік және экспериментальды жұмыстарын біртұтас және бөлек бағыттар бойынша жоспарлау.
- 3) ҚМК-нде тиімді ғылыми-зерттеушілік жұмысы үшін деректер жиынтығын құру қажет.
- 4) Деректер жиынтығын хаттау үшін озат технологиялар бойынша, оқыту және тәрбиелеу саласындағы ғылыми теориялар бойынша ақпараттық саланы қолдану.
- 5) Оқытушылардың кәсіби ынтасын арттыру.
- 6) Колледжде өткізілетін зерттеулердің, енгізілген өзгерістер тиімділігін бақылау және оның бағасы.
- 7) Қолданыстағы жоспар, жобаларды өзгерту немесе жетілдіру.
- 8) Оқытушылар талпынысының үйлесімділігі.

2. Мақсаттар мен міндеттер

- 1) Оқытушылардың шығармашылық жұмысының жеке бағыттылығы.
- 2) Кәсіби дәлдер, құндылықтар, мәселелерді түсіну және талдау; өз тәжірибесінің талдауы, креативті мінез-құлық қалыптастыру, рефлексивті қызмет дамыту.
- 3) Зерттеу, ғылыми зерттеу аппаратын, ғылыми ауызша стилін, жазбаша тілді меңгеру және әдіснаманы зерттеу.
- 4) Дидактикалық материалдардың технологиялық жөнделуі.

3. Жұмыс мазмұны

- 1) Түрлі жеке мақсатты және авторлық бағдарламаларды, жаңа әдістемелік технологияларды, стандарттарды, диагностика әдістерін әзірлеу мен жүзеге асыру, оқу-әдістемелік комплексті құру.
- 2) Тиімді педагогикалық және әдістемелік технологиялар туралы деректер жиынтығын құру.
- 3) Инновациялық сипаттағы оқу-әдістемелік материалдарды, жобаларды әзірлеу және мақұлдау.
- 4) Әдістемелік-ақпараттық, баспаханалық жұмысын атқару.

5) Ғылыми-зерттеу жұмысында оқытушылардың және оқушылардың бірлестігі.

4. Ғылыми – зерттеу, экспериментальды жұмыстарын жүзеге асыру түрлері

1) ОҚ, ӘК, ОТМ, ЗОМ, ОБ –дерінің жұмыс жоспары.

2) Аналитикалық анықтамалар, педагогикалық материалдарының зерттеулері.

3) Жұмыс тәжірибесінен басылымдар, сөз сөйлеулері, баяндамалар.

4) Рефераттық және ғылыми-зерттеушілік жұмыстар, жобалар, т.б.

5) Шығармашылық есептер, бюллетендер.

6) Оқу құралдар /мәтіндік, электрондық/ технологиялық стандарттар жинағы, тесттер, альбомдар, сөздіктер, оқу видеофильмдері, тақырыптардың электрондық презентациялары.

7) Ашық сабақтар.